

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Шымкент қаласы

«\_\_\_» 2025 жыл

## МЕМОРАНДУМ

Шымкент қаласы, «Зияткер-Білім» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, тұлға ретінде директоры Калдыбекова Бижамал Серкуловна және екінші тараптан Шымкент қаласы, «ZIYATKER TURAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, тұлға ретінде директоры Абрасилов Ерлан Куралбаевич, әрі қарай бірге аталғанда «Тараптар», ал жекелей алғанда «Тарап» орта білім беру, ғылым және мәдениет саласындағы тікелей әрі өзара тиімді ынтымақтастықты орнату және оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін мынадай өзара ынтымақтастық туралы осы Меморандумды жасасты.

### 1. Меморандумның мақсаты

1.1. Осы Меморандумның мақсаты орта білім беру, ғылыми-әдістемелік зерттеу саласындағы ынтымақтастықты дамыту және екі ұйымның арасындағы өзара түсіністікке ықпал ету болып табылады. Тараптар оқушылардың шығармашылығын дамыту және зияткерлік деңгейлері мен ерте кәсіби бағдарын жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар жасауда, математикалық және ақпараттық кәсіптерге дайындау бағыттары бойынша білімдерін тереңдетуде өзара мүдделіліктерін білдірді.

### 2. Үнтымақтастықты қолдау

2.1. Үнтымақтастықты дамыту төмендегілер арқылы қолдау табады:

1) Тараптар арасында бірлескен жұмыс үшін, соның ішінде «зәкірлі» ұйым ретінде, байланыстар орнатып, өзара алмасулар үшін жағымды жағдайлар жасау;

2) бірлескен жобалар мен бағдарламаларды енгізуге және қоғамдық маңызды іс-шараларды (съездер, симпозиумдар, конгресстер, конференциялар, семинарлар, тренингтер, фестивальдар, форумдар, брифингтер, көрмелер, конкурстар, кездесулер) өткізуге ықпал ету;

3) Тараптар арасында тұрақты түрде ақпарат алмасу, Қазақстанның білім беру, ғылым және мәдениет мекемелерінің, жастар үйымдарының өкілдерімен байланыстарды кеңейту.

### 3. Тараптардың өзара қарым-қатынастары, құқықтары мен міндеттері

3.1. Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыруда Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша әрекет етуге келісім береді:

- әдістемелік материалдар дайындау және білім беру курсарын құру;
- әр түрлі ғылыми-әдістемелік жобалар саласындағы әріптестік;

- мектептің білім беру деңгейінің көрсеткішін анықтау(мониторинг);
- бірлескен семинарлар ұйымдастыру, ғылыми-әдістемелік тәжірибе алмасу;
- ынтымақтастықтың тиімділігін қамтамасыз ету үшін тараптар бір-бірімен өзара ақпарат алмасып, оқу бағдарламаларын, тәрбие жұмыстарын және PISA зерттеулерінің нәтижелерін жүйелі түрде бағалайды;
- оқушылардың бірлескен ғылыми-практикалық конференцияларын, тақырыптық дәрістерін, іскерлік ойындарын, дөңгелек үстелдерін, телекөпірлерін, олимпиадаларын өткізу;
- оқушыларға кәсіби бағдар беруде кәсіпорындар мен еңбек нарығы сұранысындағы мамандықтар жайлы ақпараттық материалдармен қамтамасыз етуге көмектесу;
- біртұтас тәрбие мен PISA зерттеулерінің негізінде оқу әдістемелерін үйлестіру, оқушылардың білімін және дамуын қолдауды қамтамасыз ету;
- PISA зерттеулері мен біртұтас тәрбие аясындағы әдістемелердің іске асуын қолдау мақсатында қосымша тренингтер, семинарлар ұйымдастырылады;
- ынтымақтастықтың бір бөлімі ретінде мектептер өз тәжірибелерімен бөлісіп, педагогикалық әдістер мен тәрбие жұмысының үздік тәжірибелерін ортаға салады;
- оқушыларға арналған мотивациялық бағдарламалар, ғылыми жобалар және шығармашылық байқаулар өткізіледі;
- оқушылардың білімін кеңейту және олардың интеллектуалдық даму деңгейін арттыру мақсатында қосымша қолдау шаралары қарастырылады.

3.2. 3.1-тармақта көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру талаптары Тараптардың бөлек келісімдерімен анықталады.

3.3. Осы Меморандумның жобаларын жүзеге асыруды қаржыландыру талаптары Тараптардың бөлек келісімдерімен анықталады.

Осы Меморандум аясындағы ынтымақтастықтың кез келген түрінің жүзеге асырылуы тиісті Тараптардың жеткілікті ресурстары мен қаржылай қолдауына тәуелді.

3.4. Осы Меморандум Тараптардың өзара келісімімен оның бір бөлігі болып табылатын қосымша келісімдер жасау арқылы өзгертуі және толықтырылуы мүмкін. Бұлар Тараптардың өкілетті тұлғаларының қол қоюымен тиісті үлгіде құжатталуы керек.

#### **4. Тараптардың өзара ықпалдастығы**

4.1. Осы Меморандумның аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа да нормативтік-құқықтық актілердің басшылыққа алады және өзара ықпалдастықты тең құқықтылық, ашықтық және сенімділік принциптері негізінде жүзеге асырады.

4.2. Тараптар осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен туындаған мәселелерді қарастыру және бірлескен іс-

қимылдарды жүргізу үшін Тараптар жіберген басшылар немесе өкілетті өкілдер арқылы өзара әрекет жасайды.

4.3. Осы Меморандумның аясында өзара ықпалдастықтың келесі формалары қарастырылады, бірақ төменде көлтірілген тізіммен шектелмейді:

- өскелең ұрпақтың мемлекеттік және тарихи сана-сезімін қалыптастыру үдерісін ғылыми-талдамалық және сараптамалық қамтамасыз ету;
- жалпы және қосымша білім берудің құрылымы мен мазмұнын жетілдіруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- мақсатты әлеуеметтік маңызы бар жобалар мен іс-шараларды бірлесіп үйымдастыру;
- тараптардың қызметін жақсартуға бағытталған бірлескен инновациялық жобаларды дайындау және өткізу;
- тараптардың кез келгені үйымдастырған конференцияларға, семинарларға, форумдарға және басқа да іс-шараларға Тараптардың өкілдерінің катысуымен қызметтің сәйкес салалары бойынша Тараптардың жинақтаған тәжірибелерімен және білімдерімен алмасу;
- тұрақты түрде бірлескен, соның ішінде жастар үйымдары өкілдерінің катысуымен Тараптардың бейнеконференция форматында үйымдастырған кездесулер өткізу;
- білім, ғылым және мәдениет саласындағы өзара қызығушылық тудыратын ақпараттармен алмасу.
- тараптар оку бағдарламалары мен әдістемелерін бір-бірімен үйлестіріп, үздік тәжірибелерді енгізу мақсатында өзара әрекеттеседі.
- біртұтас тәрбие мен PISA зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген жаңа әдістемелер мен әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша бірігіп жұмыс істейді.
- PISA зерттеулерінің нәтижелері бойынша Тараптардың оку нәтижелерін салыстыру және талдау арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін бір-бірімен тәжірибе алмасады.
- Әр Тарап оқушылардың жеке даму жоспарларын құруда бір-біріне көмектесіп, олардың білім алуына және әлеуеметтік дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.
- Тараптар жаңа технологиялар мен әдістемелерді оку процесінде қолдануды ынталандырады. Онлайн платформалар, цифрлық құралдар және басқа да заманауи әдістерді енгізу үшін ынтымақтастық жасалады.

## 5. Меморандумның қолданыс мерзімі

5.1. Осы Меморандум Тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл қолданыста болады.

5.2. Меморандум кез келген уақытта Тараптардың өзара келісімі немесе біреуінің ниеті бойынша болжамдағы шарт бұзылатын күнге 15 күнтізбелік күн қалғанға дейін өзге Қатысушыны алдын ала құлақтандырып барып бұзылуы мүмкін.

5.3. Ынтымақтастықтың нақты формалары, реттері, мерзімдері мен ортақ мақсатқа жетуедегі басқа да шарттары Тараптардың қосымша келісімшарттарында (келісімдерінде) анықталады.

5.4. Осы Меморандумды бұзу Тараптар арасында бұрын уағдаласқан міндеттемелер бойынша жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) бұзуға алып келмейді.

## 6. Қорытынды ережелер

6.1. Тараптар осы Меморандумды бірлескен жұмыстар бойынша занды және қаржылық міндеттемелер туындарпайтын мақсат-ниеттер туралы декларация ретінде қарастырады.

6.2. Қатысушылар сондай-ақ осы Меморандумның аясындағы ешқандай іс-қимылдардың Тараптардың бір де біреуінің қандай да бір құзыреттіліктері мен құқықтарына қысым жасамауы тиіс екендігін негізге алады.

6.3. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде дау немесе түсініспеушілік туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңестер және келіссөздер ұйымдастыру арқылы шешеді.

6.4. Осы Меморандум аясындағы операцияларды жүргізу үшін жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) іске асыру кезінде туындаған даулар мен түсініспеушіліктерді шешу тәртібі көрсетілген келісімшарттарда (келісімдерде) белгіленеді.

6.5. Осы Меморандумға енгізілетін барлық өзгерістер, толықтырулар оның ажырамас болып табылады және тек олар жазбаша түрде құрастырылған және екі Тарап та қол қойған кезде ғана жарамды.

6.6. Меморандум 2 (екі) данадан қазақ тілінде, әр Тарап үшін 1 (бір) данадан құрастырылған.

## 7. Тараптардың занды мекен жайлары мен растаушы қолдары «Зияткер-Білім» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«ZIYATKER TURAN»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Шымкент қаласы, Аль-Фараби ауданы,  
Төреқұлов көшесі, 17/1 үй  
БСН (бизнес сәйкестендіру номері)  
160640007208  
Почта индексі: 160000  
БИК HSBKKZKX  
КБЕ 17  
Тел: 8(777)605-76-80

Шымкент қаласы, Қаратау ауданы,  
Тассай түрғын ауданы, 301/3 ғимарат  
БСН (бизнес сәйкестендіру номері)  
220440036057  
Почта индексі: 160000  
БИК HSBKKZKX  
КБЕ 17  
Тел: 8(701)207-30-80

Директор

Е.К.Абрасилов

Директор

Б.С.Калдыбекова

